

► Байқау

## Болашақ педагогтер сынға түсті

Жақында Орталық Азия инновациялық университетінде Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен іс-шаралар жоспарына сәйкес, студенттер арасында «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша XVIII республикалық пәндік олимпиада өткізілді. Аталған білім бәйгесін университеттің «Музыка, кәсіптік оқыту және дизайн» кафедрасы ұйымдастырды. Білім сайысын университет ректоры, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Акмалдин Ажидинов ашып, болашақ педагог мамандарды даярлауда мұндай байқаулардың маңызы зор екенін атап өтті.



Байқауға Қазақстанның әр өңірінен 7 команда қатысты. Атап айтқанда, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Qstyle», Орталық Азия инновациялық университетінің «Тұмар», М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Өркен», Ж.Тәшенев атындағы университеттің «ART», Шымкент университетінің «Шебер», Мирас университетінің «Шебер», Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Оймақ» командалары өзара бақ сынасты.

Олимпиада үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар теориялық тест тапсырса, екінші кезеңде шығармашылық-практикалық тапсырмаларды орындады. Бұл кезеңде қатысушылар «Ағашқа ою-өрнек композициясын орындау», «Ағаштан бұйым жасау», «Киімді конструкциялау және модельдеу», «Тігін бұйымдарының технологиясы», сондай-ақ сәндік-қолданбалы өнер бойынша дымқыл және құрғақ киіз басу сияқты практикалық жұмыстарды орындап, өз шеберліктерін көрсетті. Үшінші кезеңде студенттер ғылыми жобаларын көпшілік алдында қорғады.

Байқауға қатысушылардың жұмыстарын республикалық

олимпиада комиссиясының төрайымы, Алматы технологиялық университетінің ассистент-профессоры, PhD Ұлжан Смайлова, Ә.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің докторы (PhD), аға оқытушы Гүлмира Дайырбекова, ҚР Мәдениет саласының үздігі, ҚР Дизайнерлер мен шеберлер одағының мүшесі Элмираш Шермұханбетова, Ә.Қастеев атындағы дизайн және өнер колледжінің ұстазы, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі Барно Жорабекова және Кеңесары Қасымұлы атындағы №99 жалпы орта мектебінің директоры Ағабек Ешентаев сынды мамандардан құралған қазылар алқасы бағалады. Олар әрбір қатысушының жұмысын объективті бағалап, кәсіби шеберлігі мен шығармашылық әлеуетіне ерекше назар аударды. Бағалау нәтижесінде үздік командалар мен қатысушылар анықталып, оларға арнайы марапаттар тапсырылды.

Олимпиада қорытындысы бойынша Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Qstyle» командасы I орынды иеленсе (жетекшісі – педагогика ғылымдарының кандидаты, про-

фессор міндетін атқарушы Н.Рахметова), Орталық Азия инновациялық университетінің «Тұмар» командасы (жетекшісі – магистр-аға оқытушы Н.Жүнісова) мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Өркен» командасы (жетекшісі – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Г.Бакирова) II орынға лайық деп танылды. Ал, үшінші орын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Оймақ» командасына (жетекшісі – А.Жүнісова), Ж.Тәшенев атындағы университеттің «ART» командасына (жетекшісі – У.Қонақбаева) және Шымкент университетінің «Шебер» командаларына бұйырды. Жеңімпаздар дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды. Барлық қатысушыларға сертификаттар, ал, жетекшілері мен қазылар алқасының мүшелеріне алғыс хаттар табысталды.

Іс-шара барысында студенттер университеттің заманауи материалдық-техникалық базасымен, оқу шеберханаларымен және зертханаларымен танысу мүмкіндігіне ие болды. Бұл олардың кәсіби бағдарын кеңейтіп, практикалық дағдыларын жетілдіруге ықпал етті. Республикалық пәндік олимпиада білім мен тәжірибені ұштастырған маңызды алаңға айналып, студенттердің шығармашылық әлеуетін арттыруға және кәсіби дамуына серпін берді.

Орталық Азия инновациялық университеті алдағы уақытта да білім сапасын арттыруға бағытталған осындай республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастыруды жалғастыра бермек.

**Н.ЖҮНІСОВА,**  
магистр-аға оқытушы.